

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



**G•GLOBAL**

Х Астана экономикалық форумы аясындағы  
**«ӘЛЕУЕТТІ МҮМКІНДІКТЕР НЕГІЗІНДЕ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҰЛТТЫҚ  
ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ ЖӘНЕ  
ӘРТАРАПТАНДЫРУЫН ЖЕДЕЛДЕТУ»**

жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясының  
**ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ**

**II БӨЛІМ**

15 маусым 2017ж.

**СБОРНИК ТРУДОВ**

международной научной конференции молодых ученых  
**«УСКОРЕНИЕ ДИВЕРСИФИКАЦИИ И ПОВЫШЕНИЕ  
КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТИ НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ  
КАЗАХСТАНА НА ОСНОВЕ ПОТЕНЦИАЛЬНЫХ ВОЗМОЖНОСТЕЙ»**

под эгидой X Астанинского экономического форума

**ЧАСТЬ II**

15июня 2017г.

**PROCEEDINGS**

of the international scientific conference of young scholars  
**«ACCELERATING DIVERSIFICATION AND IMPROVING THE  
COMPETITIVENESS OF KAZAKHSTAN'S NATIONAL ECONOMY BASED  
ON POTENTIAL OPPORTUNITIES»**

in the framework of the X Astana Economic Forum

**PART II**

15 June 2017

Астана, Қазақстан  
Astana, Kazakhstan

УДК 330.(063)  
ББК 65.01  
Ә53

**Редакционная коллегия:**

Декан Экономического факультета д.э.н., профессор Макыш С.Б.,  
Заместитель декана по научной работе, к.э.н., и.о. доцента Бакирбекова А.М.  
Заведующий кафедрой «Экономика» к.э.н., и.о. профессора Рахметулина Ж.Б.  
Заведующий кафедрой «Финансы» д.э.н., и.о. профессора Садвокасова К.Ж.  
Заведующий кафедрой «Учет, аудит и анализ» к.э.н, доцент Алибекова Б.А.  
Заведующий кафедрой «Менеджмент» д.э.н., профессор Толысбаев Б.С.  
Заведующий кафедрой «Экономическая теория и антимонопольное регулирование» к.э.н., доцент Бабланов Т.К.  
Заведующий кафедрой «Туризм» к.э.н., доцент Дуйсембаев А.А., к.э.н., и.о. доцента Мусина К.П.

**Ә53** **Әлеуетті мүмкіндіктер негізінде Қазақстанның ұлттық экономикасының бәсекеге қабілеттілігін арттыру және әртараптандыруын жеделдету: Жас ғалымдардың халық. ғыл. конф. еңбектер жинағы.** – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2017.  
**Ускорение диверсификации и повышение конкурентоспособности национальной экономики Казахстана на основе потенциальных возможностей: Сб. материалов межд. науч. конф. молодых ученых.** – Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2017.  
**Proceedings of the international scientific conference of young scholars «Accelerating diversification and improving the competitiveness of Kazakhstan's national economy based on potential opportunities»** Astana, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2017.

ISBN 978-9965-31-871-9  
ISBN 978-9965-31-869-6

Халықаралық ғылыми конференциясының еңбек жинағында әлеуетті мүмкіндіктер негізінде Қазақстанның ұлттық экономикасының бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату және әртараптандыру жеделдетудің және ел экономикасының бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату мәселелері қарастырылған.

В сборнике материалов международной научной конференции рассмотрены актуальные вопросы диверсификации национальной экономики Казахстана на основе потенциальных возможностей.

The collection of materials in the international scientific conference considers important issues of Kazakhstan's national economy diversification based on potential opportunities and development of recommendations for improving the competitiveness of the country's economy.

ISBN 978-9965-31-871-9  
ISBN 978-9965-31-869-6

УДК 330 (063)

## ҚАЗАҚСТАНДА ҚҰРЫЛЫС МАТЕРИАЛДАРЫ ӨНДІРІСІ САЛАСЫНДАҒЫ КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

*Досмағанбетов Н.С.*

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан Республикасы  
E-mail: Dosmnurlan@yandex.ru

Құрылыс материалдарының өндірісі кез-келген ел экономикасының ірі құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады. Құрылыс үшін негізгі материалдық база бола отырып, ол экономиканың басқа салаларының даму қарқынына және тұтастай қоғамның әлеуметтік жағдайына айтарлықтай әсер етеді. Қазақстанда құрылыс материалдары өнеркәсібінің құрамына 700-ден астам кәсіпорын кіреді, соның ішінде, олардың 5%-ы ірі бизнестің, 17%-ы орта бизнестің және қалғаны шағын бизнестің өкілдері болып табылады.

Қазіргі уақытта, құрылыс материалдары өндірісінің саласы жиырмаға жуық дербес құрылыс салаларынан тұратын кешенді өнеркәсіп болып табылады, олардың әрқайсысының құрамында бірнеше өндіріс орындары бар дербес жұмыс істейтін жеке-жеке өзіндік нарықтардан құралған, ал бұл нарықтар өз кезегінде құрылыс материалдарының жалпы жиынтық нарығын сипаттайды.

Қазіргі уақытта, Қазақстанда құрылыс материалдары өнеркәсібінің құрамына мынадай салалар кіреді:

1. Цемент өнеркәсібі.
2. Асбест өнеркәсібі.
3. Асбест-цементтік өнімдерді өндіру өнеркәсібі.
4. Жинақтаушы темірбетондық және бетондық құрастырмалар мен бұйымдарды өндірудің өнеркәсібі.
5. Қабырғалық материалдар өнеркәсібі.
6. Құрылыс керамикасы өнеркәсібі.
7. Полимерлік шикізат өндіру өнеркәсібі.
8. Жұмсақ төбе жапқыш және гидроизоляциялық материалдарды өндіру өнеркәсібі.
9. Қаптағыш материалдар мен табиғи тастан өнімдер шығару өнеркәсібі.
10. Уақ тесікті толтырғыш материалдарды өндіру өнеркәсібі.
11. Жылу өткізгіш материалдар өнеркәсібі.
12. Избес әктік, гипстік және орама материалдарды мен олардан жасалатын бұйымдарды өндіру өнеркәсібі.
13. Метал кені болып табылмайтын өнімдер өндіру өнеркәсібі.
14. Рудалық емес құрылыс материалдары өнеркәсібі.
15. Санитарлық-техникалық өнімдер өндірісі.
16. Жылу жүйелері мен жылытатын жабдықтар өндіру өнеркәсібі.
18. Шыны өндіру өнеркәсібі.
19. Ағаш өңдеу өнеркәсібі.
20. Басқа да салалар.

ҚР ҰЭМ Статистика Комитетінің мәліметтері бойынша, қазіргі құрылыс нарығында ағаш өнімдері, шыны, қызыл кірпіш, цемент, құрғақ құрылыс қоспалары, жылу өткізгіш материалдар, керамикадан жасалған сантехника, линолеум, арматура, терезелер мен есіктерге арналған фурнитура, черепица, полимерлер негізіндегі жұмсақ төбе жапқыш материалдар, табақ шыны сияқты құрылыс материалдары мен өнімдер ең қажетті және аса жоғары сұранысқа ие болып табылады.

Көптеген мамандардың пікірінше, Қазақстан осы аталған өнімдердің үлкен бөлігін өндіре алуына мүмкіндігі бар және оларды экспортқа да шығара алады. Алайда, бұл жерде елімізде құрылыс материалдарының өндірісі үшін қажетті құм, лай, избес, әк, мрамор, саз

балшық, қиыршық тас сияқты бірқатар шикізаттардың үлкен қорының бар болуына қарамастан олар импортталады.

Қазақстан экономиканың бүгінгі қажеттілігін жаңаша құрылыс материалдарымен, бұйымдармен және құрастырмалармен қамтамасыз ету үшін аса бай шикізат қорларына, әлеуетті өндірістік қуаттарға, білікті жұмысшылар мен инженерлік кадрларға ие болып табылады. Бірақ, құрылыс материалдарының қазіргі қазақстандық өнеркәсібі құрылыс материалдары өндірісінің қажеттілігін қанағаттандырып отырған жоқ.

Елімізде шыны және шыны талшықтарын шығару бойынша, алюминий құймаларынан жасалатын құрастырмаларды өндіретін, ағаш пен металлды алмастыратын материалдарды жасайтын кәсіпорындар жоқ. Өзіміздің машина жасау саламыз әлі дамымаған, жүк көтергіш машиналарды, көтергіш-тасымалдағыш механизмдерді, құрылыс машиналары мен технологиялық құрал-жабдықтарды өндіру бойынша зауыттар мүлдем жоқ. Тиімді жылу ұстағыш материалдарды және одан жасалатын бұйымдарды өндіру, мұнай өнімдерін және полимерлерді терең өңдеу үрдістері қалыптасудың бастапқы кезеңінен өтуде. Өндірістерді орналастырудағы территориялық диспропорциялардың орын алуын, импортты алмастырушы және экспорттық бағыттылығы бар өндірістерді дамытуға қажетті инвестициялардың жетіспеушілігін осы құрылыс саласындағы аса маңызды мәселелер ретінде қарастыруға болады.

Осының бәрі, көптеген кәсіпорындардың техникалық және технологиялық жабдықталуының дәл қазіргі деңгейінде отандық құрылыс материалдарын әлемдік стандарттарға сай өндірудің мүмкін еместігін дәлелдейді.

Бүгінгі күні табақ шыны, базальт негізіндегі жылу өткізгіш материалдарды, керамикалық сантехника, линолеум, арматура, жолаушылар таситын лифтілер, полимерлер негізіндегі төбе жапқыш материалдарын және терезелер мен есіктерге қажетті фурнитуралар республикада өндіру мүмкін болмағандықтан көптеген құрылыс материалдары Қазақстанға импортталады. Мысалы, 2016 жылы линолеум және басқа да еден жапқыш материалдар толығымен, керамика тақтайшаларының 99,4%-ы, шыны талшықтарының 96,4%-ы, ағаш-жоңқа тақтайшаларының 80,8%-ы импортталған.

Отандық өндірісте ізбес, әк, табиғи құмдар, гипс, бор, лай, доломит және каолин сияқты табиғи шикізаттар (ресурстардың жалпы көлемінің 92-100%-ы) болып табылатын құрылыс материалдарын өндіру басым.

Цемент ресурстары 2015 жылы 2014 жылмен салыстырғанда, 6,9%-ға төмендеген, бұл импорт көлемінің 34,8%-ға кемігендігімен түсіндіріледі. Цемент өндірісі 2,4%-ға артқан, сәйкесінше, цемент ресурсының жалпы көлеміндегі отандық өндірістің үлесі 82,6%-ды құрады. Ал 2016 жылдың қаңтар-наурыз айларында 2015 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда, цемент ресурстары 23,2%-ға артқан, оның себебі өндіріс көлемінің 19,9%-ға және импорттың 47,7%-ға көбейгендігімен түсіндіріледі. Сәйкесінше, цемент ресурсының жалпы көлеміндегі отандық өндірістің үлесі 85,7% болды.

ҚР ҰЭМ Статистика Комитетінің мәліметтеріне байланысты, 2011-2015 жылдар аралығында бес жылдық кезеңде елімізде 51875,4 мың тонна тауарлық бетон (базалық құрылыс материалы), соның ішінде 47843,2 мың тоннасы құрылыс саласында қолданылған. Сол уақытта, бетоннан жасалған жиналған құрама құрылыс конструкцияларының 9247850,60 мың тоннасы, соның ішінде 7102952,20 мың тоннасы құрылыс саласында қолданылған. Бұл уақыт аралығы құрылыс индустриясының мультипликативтік әсермен өте қарқынды дамуымен байланысты ел экономикасының маңызды түрде көтерілуімен сипатталған болатын. Бұл жерде, республика бетонды және бетон конструкцияларын дербес өзі өндіретіндігін атап өткен жөн, бетон шығарудағы импорттың үлесі 2011 жылы 0,5%-ды, 2012 жылы 0,7%-ды, 2013 жылы 0,8%-ды, 2014 жылы 5,3%-ды, 2015 жылы 2,7%-ды, ал 2016 жылы 0,3%-ды құрады.

Қазақстанда құрылыс көлемінің өсуі, құрылыс нысандарын салудың сапасына талаптардың артуы, экологиялық талаптардың және бәсекелестіктің күшеюі құрылысшыларды құрылыс материалдарының және технологиялардың ең жаңа түрлерін пайдалануға итермелейді. Соған байланысты, 2015 жылы құрылыс материалдарының жекелеген 20 түрі бойынша өндірісінің артуы өткен жылғымен салыстырғанда, орташа есеппен 21,3%-ды құрады. Ал төмендегі кестеден сол жылы құрылыс материалдарының негізгі түрлері бойынша өндірілген көлемі, импорттық әсері мен қажеттіліктер көлемі көрсетілген.

Құрылыс материалдарын өндіру бойынша жоғарыда көрсетілген өндірістік қуаттарға және қазіргі жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың өндірістік қуаттарына қарамастан, олар толық жұмыс істемейді, әрі олардың мүмкіндіктері негізінен, кәсіпорындардың өндірісті жаңартуы үшін қаражаттың жеткіліксіздігінен және құрылыс материалдарын өндіруде жаңа технологияларды игеру үшін жеңілдетілген ұзақ мерзімдік несиелердің жоқ болуымен шектеледі.

## 1-кесте

Құрылыс материалдарының негізгі түрлері бойынша өндірілген көлемі, импорттық әсері мен қажеттіліктер көлемі, млн.

Құрылыс материалының атауы	Өндіру	Импорттау	Қажеттілік	ҚР-дағы кәсіпорындар саны
Цемент	5 837,3	1 942,2	7779,5	5
Гипсокартон	15,71	1,3	17,01	2
Керамикалық кірпіш	29801	139 623,6	169424,6	34
Темірбетон конструкциялары	1 096549,0	1407,7	1097956,7	79
Төбе жапқыш материалдар	17,6	7,2	24,8	2
Керамикалық плиталар	0,487	5,247	5,734	1

Ескерту – ҚРҰЭМ Статистика Комитетінің деректері негізінде автормен құрастырылды

Ел ішінде шыны шығаратын, жылу ұстағыш материалдарды өндіретін, линолеум, фаянстан жасалатын санитарлық-техникалық бұйымдарды, инженерлік құрал-жабдықтарды өндіретін кәсіпорындардың құрылысына қажетті бірқатар өндіріс орындары жоқ, және осыған орай құрылыс-жөндеу жұмыстарының ұлғаюына байланысты құрылыс материалдарын импорттау көлемі де артып келеді.

Құрылыс индустриясындағы негізгі мәселелердің ішінен негізгі материалдарды шығару бойынша қуат тапшылығын; негізгі құралдардың моральдік және физикалық тозуына байланысты төменгі техникалық деңгейді; құрылыс индустриясы өнімдеріне деген сұраныстың төлем қабілеттілігінің төмендігін бөліп көрсетуге болады.

Соңғы он жылдан бері ел аймақтарында даму институттарының қаражаттарын, кәсіпорындардың меншікті қаржыларын және екінші деңгейлі банктердің несиелерін тартумен байланысты керамикалық кірпіш, құрғақ құрылыс қоспалары, шыны пластикалық құбырлар, газдықбетон блоктар, рудалық емес материалдар, ағаштан жасалатын терезелер мен есіктер, тауарлық бетон және темірбетон бұйымдары сияқты негізгі құрылыс материалдарын шығару бойынша өндірістік кәсіпорындар іске қосылды.

Қазақстанда минералдық шикізаттың ерекше кен орындарының болуы, мұнай-газ кешенінің дамығандығы құрылыс индустриясының базасын дамыту бойынша

инвестициялық жобаларды жүзеге асыру үшін әлеуетті инвесторларды тартуға қолайлы жағдайлар жасайды.

Бірақ, елімізде құрылыс материалдары нарығының көлемін бағалау аса қиын. Басты кедергі – құрылыс компанияларының және тұтастай барлық құрылыс секторының анықсыздығы. Алайда, құрылыс секторына тартылған қаражаттың масштабтарын мультипликативтік әсер бойынша сипаттаған жөн: талдаушылардың деректері бойынша, құрылысқа инвестицияланған әрбір теңгеден аралас салалар үш есе көп нәтиже алып отырған.

ҚР ҰЭМ Статистика Комитетінің ақпараттық-есептеу орталығы құрылыс материалдары өндірісінің минералдық-шикізаттық базасын сатылап қолдануды техникалық-экономикалық негіздеу мақсатында құрылыс материалдары өндірісіне, экспорты мен импортына талдау жасап, нәтижесі мынадай материалдар аса қажетті болып табылатындығын көрсетті:

- портландцемент және оның түрлері;
- табақ шыны және санитарлық-техникалық өнімдер;
- керамикалық қабырға кірпіштері;
- плиталар және керамикалық плиталар;
- қоқыс мақта, минералдық мақта және вермикулит;
- керамикалық отқа берік өнімдер;
- кірпіштер, блоктар, оттегі қосылған шақпақ тастан жасалған немесе диатомиттік плиталар мен бұйымдар.

Жоғарыда аталғандарға қарап, бастапқы кезеңде мынадай өндірістер бойынша кәсіпорындардың құрылуы қажет екендігін айтқымыз келеді:

- шыны зауыттары, металлургия, мұнай өңдеуші және тамақ өнеркәсіптері үшін кальцийлендірілген соды шығаратын кәсіпорындар;
- сантехника, отқа берік материалдар, резиналар мен қағаз өндірісі үшін қажетті байытылған каолин шығаратын кәсіпорындар;
- шыны және сантехника өндірісі үшін байытылған кварц құмын шығаратын кәсіпорындар;
- шыны және сантехника өндірісі үшін қажетті дала шпатының концентратын шығаратын кәсіпорындар;
- керамикалық материалдар өндірісіне қажетті волластониттік концентрат шығаратын кәсіпорындар;
- металлургиялық, керамикалық, шыны және цемент өнеркәсібіне қажетті отқа берік материалдарды өндіретін кәсіпорындар;
- тауарлық бетон және асфальтбетон өндірісі үшін қажетті куб тәріздес фракциондық ұсақ тастар мен құм шығаратын кәсіпорындар.

Әріқарай:

- цемент шығару бойынша;
- табақ шыны шығару бойынша;
- санитарлық-техникалық материалдарды өндіру бойынша;
- керамикалық қаптағыш плиталарды шығару бойынша;
- керамикалық қабырға материалдарын (кірпіштер, жай және қаптағыш тастар) шығару бойынша;
- жылу ұстағыш материалдарды өндіру бойынша жоспарланған өндірістік кәсіпорындарды іске қосу қажет.

Жоғарыда аталып өткен ерекшеліктердің және факторлардың барлығы елімізде алдағы уақытта құрылыс материалдары өндірісін дамытудың салалық бағдарламаларын әзірлеуді талап етеді.

Қорытындылай келе, құрылыс материалдары нарығының қалыптасуының негізгі алғышарты болып құрылыс жұмыстарының жоғары қарқыны және құрылыс материалдары өндірісі үшін ресурстардың болуы табылатындығын қадап айтқанымыз жөн.

#### Әдебиет:

1. 2011-2016 жылдардағы ресурстарды және тауарлардың (шикізаттардың) жекелеген түрлерін қолданудың балансы//Статистикалық жинақ/ҚР ҰЭМ Статистика Комитеті – 2016, Астана қаласы.
2. «Қазақстан және оның аймақтарындағы шағын және орта кәсіпкерліктің даму жағдайы туралы есеп». «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры АҚ. Алматы, 2016 ж., №8 шығарылым. 133 бет.

## СТРАТЕГИИ КОНКУРЕНТНОСПОСОБНОСТИ НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ КАЗАХСТАНА

*Есенгельдинова Р.Ж.*

Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, г.Астана, Казахстан  
E-mail:riza.esengeldinova@mail.ru

В настоящее время в мире происходят экстенсивные и интенсивные экономические изменения, связанные с глобализацией, неравномерностью развития, усилением борьбы между тенденциями формирования однополярного и многополярного мира, обострением конкурентной борьбы между странами, регионами и фирмами. Поэтому, когда рынок получает признание в качестве общечивилизационной ценности, сила и мощь любого государства во все большей степени определяются конкурентоспособностью его товаропроизводителей.

Конкурентоспособность - многоплановая экономическая категория, которую можно рассматривать на нескольких уровнях. Это конкурентоспособность товаров, товаропроизводителей, отраслей, страны. Между всеми этими уровнями существует тесная взаимосвязь: ведь страновая и отраслевая конкурентоспособность в конечном итоге зависят от способности конкретных производителей выпускать конкурентоспособные товары. Одним из главных факторов экономического роста государства в современных условиях становится инновационное развитие.

Казахстан предлагает обеспечить развитие экономики за счет внедрения отечественных и зарубежных научно-инновационных разработок, что предполагает коренное изменение отношения к развитию науки и инновационной деятельности, образованию и подготовке профессиональных кадров. События прошедшего десятилетия ярко проявили роль процессов глобализации, охвативших все сферы человеческой деятельности. Как показали последние события, завоевание и удержание позиций на мировых рынках достигаются в жесткой конкурентной борьбе. И в таких условиях активность и степень участия Казахстана в общемировых процессах во многом определяют - войдет ли страна в мировое сообщество в качестве полноправного субъекта или же окажется на периферии мировой экономики. Это делает актуальным проблему конкурентоспособности национальной экономики, в решающей мере определяющей полноправное участие страны в мирохозяйственной системе в условиях глобальной конкуренции. Ключевое значение в повышении конкурентоспособности национальных экономик приобретают технологические трансформации - дальнейшее развитие технологических процессов, освоение техники современного пятого и перспективного шестого технологических укладов, ориентация на стратегию поддержки высокотехнологичных производств, инновационного сектора и предпринимательства. Структурные трансформации в экономике Казахстана состоят в преодолении гипертрофии ориентированного на экспорт энергосырьевого сектора,